

# ЖАРКЕНТ

№11 (55),  
30 маусым,  
сәрсенбі, 2021 жыл,  
jar-aina@mail.ru



## Айнасы

Қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық газет

### ҚЫЗЫР ШАЛҒАН САТАЙ БАТЫР



Қазақ елінің тәуелсіз мемлекет болуы үшін жанын шейіт еткен азаматтарымыздың бірі – асыл да ардақты Сәкен Сейфуллиннің:

*«Сыр сандықты ашып қара,  
Ашып қара, сырласым.*

*Сым пернені басып қара,  
Басып қара, жырласым!»*

деген бір шумақ өлеңінде қаншама сыр мен мұң тұнып тұр десеңізші!

Сәкен сол кездегі қызыл империяның қанды шеңгелінен жасқанып, терең ойын ашып айта алмады ғой. Қазақ мемлекетінің іргесінің сөгілмеуі, шаңырағының шайқалмауы үшін қанша перзент күндіз-түні тайсалмай, жасымай, жасқанбай күресті десеңізші! Сондай батырларымыздың бірі – аты тарихқа мәңгі өшпестей болып жазылған, есімі ел аузында мәңгіге сақталған Сатай батыр. Міне, үш ғасырдан бері аты ел аузында үзіліссіз айтылып келеді. «Батырдың аты өшпейді» деген осы емес пе!?

«Қазақ Совет энциклопедиясының» он бірінші томының 373-375-беттерінде Сатай батыр туралы тарихи дерек тұжырымдалып жазылған. Осы аталған энциклопедияның 373-беттерінде: «Ұлы жүздің ханы Жолбарыс (1720-1740) өзі билеген ұлы жүздің Қодар би, Төле билерімен, Сатай, Хангелді, Бөлек сынды батырларының және өзінің атынан жазылған хатын 1733 жылы Ресейдің императоры Анна Ивановнаға тапсырды» делінген.

Өйткені Жоңғар мемлекетінің шеңгелінен қазақ елін толығымен түбегейлі босату керек еді. Хатты алған Ресей императоры ұлы жүз ханы Жолбарыс пен оның билері мен батырлары қол қойған хатына жауап жазады. Онда «1734 жылы 20 сәуірде император Анна Ивановна оларды Ресейдің қол астына қабылдау жөніндегі грамотаға қол қойды» делінген.

Ресеймен достық қарым-қатынас жазбаша түрде бекітілген соң Қазақ елінің хандары мен батырлары Қазақ елін билеп-төстеген жоңғарларды қазақ жерінен түбегейлі тазалау жөнінде ірі-ірі күрестер жүргізіп, қазақ даласын басқыншылардан арылтуға шұғыл да батыл кірісті.

Сатай батыр Жолбарыс хан мен Төле би бабамыздың ақыл-кеңестерін басшылыққа ала отырып, Қазақ елінің бірлігін бұрынғыдан да нығайта түсті. Зарқын Сыдықұлы Тайшыбайдың 2011 жылы «Ел-шежіре» баспасынан құрамында 28 адамнан тұратын кеңестің тезінен талданып, талқыланып өтіп, «Қазақ ханы – Абылай» деген атпен екі томдық кітабы басылып шыққан. Кітаптың бірінші томының 125-бетінде былай деп жазылған: «Сатай батыр Аққабакұлы Панфилов ауданының Сарыбел мекенінде дүниеге келген Жетісу өлкесін, жоңғар басқыншыларынан азат етуге қатысқан батыр. Тегі Суан руынан шыққан, ұлы жүз» деп айқын

жазылған. Ал дүлдүл ақын Кенен Әзірбаев: «Суаннан Сатай... батыр шыққан» деп жырлаған. Осындай дәлелдер мен анықтамаларды әлі де көптеп келтіруге болады. Бірақ газет оқырмандарына біз бүгін Сатай батырдың нақты айғақтармен дәлелденген үш ірі даналығы туралы қысқаша баяндап өтпекпіз.

#### АЛТЫНКӨЛ

Сатай батыр – Жетісу аймағы мен Шығыс Қазақстан өңірін қорғауда көп ерлік танытқан сарбаз. Жауды түре қуып тастаған Сатай батыр жер қайысқан қолымен кері қайтқанда қазақтардың Қытаймен шекаралас Жоңғар Алатауынан басталатын Қорғас өзенін жағалай төмендеп, Іле өзенін бетке алып жүреді. Ондағы ойы ел шекарасының қаншалықты беріктігін өзінің зерделі ойынан өткізу еді. Отан іргесі берік болса, халық та тыныш өмір кешеді емес пе? Іле өзенін бетке алған Сатай батыр қолы Жоңғар Алатауының ортасындағы Қазанкөл деген үлкен көлге жетеді.

Қазанкөлден төмен қарай сарқырай аққан Қорғас өзенін жағалай Іле өзеніне бет алған Сатай батырдың қалың қолы екі күннен соң Іле өзенінен жиырма шақырым өте кең құмды аймақ ортасындағы Дүпшінкөл және Гункөл деген екі көлдің жағасына кешкісін түнейді.

(Жалғасы 4-5 бетте)

Туған жерге сүйіспеншілік туған тарихыңды тереңнен білуден басталады. Еліміздің әрбір тауы мен өзені, сайы мен қыры – тұнып тұрған тарих. Оған сай сол өлкеде халқына пана бола білген, ел есінде қалған біртуар перзенттер бар. Ал, олар жайында жас ұрпақтың білгені абзал. Сондықтан, білім беру саласында өлкетану жұмыстарын жүргізіп, тарихи-мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру қажет. Ел Президенті ұсынған «Туған жер» бағдарламасының мәні – осында.

#### Жаркент қаласының тарихына қиянат жасамайық

Өте ертедегі қалалар мен елді мекендер қазақ жерінде бұрынғы сак, үйсін, қаңлы, хун тайпаларының өмір сүрген кезінің өзінде пайда болған. Ол қалалардың көбі Жетісу, Сырдария, Шу өлкелері мен Іле, Талас, Арыс өзендерінің бойында орналасқан. Сол ескі замандардың ескерткішіндей болып, ұмытылмай бізге жеткен тарихи жер-су атаулары Жетісу жерінде молынан сақталған. Көне дәуірде өмір сүрген түрлі халықтар мен тайпалардың қарым-қатынасы, араласуы негізінде тілімізге енген көптеген атаулардың мән-мағынасы, этимологиясы қазіргі оқушыға мүлде түсініксіз халге жеткен. Ондай атаулар көбінесе сол кезеңдерде араб, парсы, моңғол, орыс тілдерінен енген жер-су, қала, елді мекен аттарында сақталған.

Тарихи деректерде Жетісу жеріндегі Іле алқабында «Екіөгіз» деген, ал Іле өзенінің аяқ шенінде «Ілебалық», Хантәңірі тауының солтүстік жағында «Бесбалық» деген қалалар болғаны белгілі. Бұл атаулардың түпкі мағынасына, сырына қанық емес адам оны мүлде басқаша түсінері анық. Мысалы, «Екіөгіз» атауын алайық. Оның малмен, өгізбен ешқандай байланысы жоқ. Атау тарихи «оғыз» тайпасының атына байланысты қойылған. Араб, парсы тілдерінде оны «ҒҰЗ» деп, ежелгі түркі тілдерінде «ОҒУЗ», «ОКУЗ» деп, ал қазақша «ОҒЫЗ» («өгіз») деп, фонетикалық өзгеріске түсіріп бұзып атаған. Адамзат тарихында бұл атау VII ғасырдан бар. Орхон көне жазбаларында «Шығыс Түрік қағандығы» (VI-XIII ғ.ғ.) құрамына кірген оғыз тайпалары Шығыс Моңғолия жерлерін мекендегені айтылған. Олар, сондай-ақ, Батыс Жетісу мен Ыстықкөл жағалауындағы жерлерді де иемденген. Оғыздар VIII ғасырдың ортасында Жетісудан Қаратау бөктеріне, Сырдарияның төменгі ағысындағы алқаптарға жылжыған.

(Жалғасы 3-бетте)

❖ *Бәрекеді!*

## ЖАРКЕНТКЕ ТАҒЫ БІР ЖҮЛДЕ БҰЙЫРДЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті, Алматы облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы және Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы бірігіп, биылғы маусым айының 9-20 жұлдыздары аралығында Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және 23 маусым – Мемлекеттік қызметшілер күніне орай «Жетісу – кітапқұмарлар өлкесі» атты облыстық байқау өткізген болатын. Кітап оқу мәдениетін қалыптастыру мен дамыту және мемлекеттік қызметшілерді кітап оқуға ынталандыру мақсатында ұйымдастырылған бұл байқаудың шарты бойынша оған қатысушы өзі оқыған көркем әдеби, тарихи, мотивациялық кітаптардың ішінен немесе ұсынылған тізімге сәйкес өзіне ұнаған бір кітаптан алған әсері бойынша бейнеролик дайындауы тиіс. Үш бірдей жоғарғы облыстық деңгейдегі мекеменің, сондай-ақ, шығармашылық ұйымдардың



өкілдерінен құралған әділқазылар алқасы кітап мазмұнының ашылуына, баяндау реттілігі мен мағыналылығына, кітап туралы ойтүйін мен оның насихатталуына, түсірілімнің көркемдік деңгейі мен

сапасына, дыбысталуының анық болуы мен қосымша музыкалық сүйемелдеуіне баса назар аударды.

Күллі облыс бойынша 40-тан астам үміткер қатысқан бұл байқаудың қорытындысында екін-

ші орынға ие болған Панфилов аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Нұрәділ Нұртілеуұлы БЕГІМБЕТ арнайы дипломмен марапатталып, ақшалай сыйлық алды. Мемлекеттік қызметші облыстық конкурста жолдаған бейнероликке көрнекті жазушы жерлесіміз, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Бқұлтан Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай» романын арқау еткен еді.

Сөйтіп, бұдан бұрын хабарлағанындай Толқын Ерболқызы Көшербаева басқаратын Панфилов аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің жолдауымен облыстық этнос өкілдері арасындағы «Мемлекеттік тіл – Тәуелсіздік символы» конкурсында бас жүлде алған Азиз Абдушакиров пен облыстық көркемсөз оқу шеберлерінің «Абай оқулары» байқауында үшінші орын алған Еркәнат Зәкеновтің қатарына тағы бір жаркенттік жүлдегер жерлесіміз қосылды.

Н. СҰЛТАН

## АРДАГЕРЛЕРІН АРДАҚТАҒАН ЕЛ БАҚЫТТЫ



Аудандық «NurOtan» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Досмайылов Қанат мырза аталмыш партияның бағдарламасындағы «Ардагерлерді ардақтайық!» жобасы аясында жерлес ақынымыз, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, Панфилов ауданының «Құрметті азаматы» Исламғали Үркімбайұлының шаңырағына көңілін сұрай барып, ағамызға заманауи «Elenberg» теледидарын сыйлап көңілін бір серпілтіп тастады. Аталмыш партияның алғашқы құрылған күнінен-ақ белсенді мүшесі болған ақын ағамыз көп жылдардан бері жанына тыным бермеген қант ауруының кесірінен, жуықта ғана бір аяғына ота жасатып, тізеден төмен кескізіп қайтқан еді. Аудан, облыс, республика көлеміндегі қоғам руханиятына жылдар бойы еңбегі сіңген, бетке ұстар ақынымыздың басына түскен осынау бір ауыр жағдай Исағамызды танытын үлкен-кішінің бәрінің жүрегін ауыртқан-ды. Ағасына арналған жүрекжарды лебізінде:

– Біз сізді мұндай қиын жағдайда да жалғыз тастамай, үнемі іздеп тұрамыз. Жасымңыз, жабықпаңыз, әрдайым шығармашылық шабыт үстінде болыңыз, ағасы! – деп жақсы ниет білдірген Қанат Нұрқешұлы адамгершіліктің, кісіліктің үлкен үлгісін көрсетті.

Ақын ағамыз басқаратын аудандық «Қазақ тілі» қоғамы да үнемі осы партиямен бір мақсатта әлі күнге дейін «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол» шығарып жұмыла жұмыс істеп, еліміздің мүддесі үшін адал еңбек етіп келе жатқандығы және бар.

Көңілі өсіп, жүзінде ризашылықтың табы ойнаған Исламғали аға: Менің түсінігімде адамдар бірігіп – ел болады, олардың тұрып жатқан орны – Жер, ал, елдердің өзара түсінісу қарым-қатынас құралы – тіл. Міне, осы үшеуі – ел, жер, тіл үшеуі бірігіп Отанды құрайды. Сол отанымыздың Тәуелсіздігі үшін күресте біздер мақсатымызға да жеттік. Ол өзі келе қаған жоқ. Бұл бағытта да «Nur Otan» партиясының әр мүшесі де көп еңбек сіңірде, – деп көз жанары қуаныштан оттай жайнаған ақын ағамыз Қанат Нұрқешұлының жасап отырған игі ісіне деген ақжарма тілегімен қатар, ризашылық пейілімен шексіз алғысын айтты.

Өз тілшіміз



## ӘКЕ – АСҚАР ТАУ

Әке – әркімнің арқа сүйер тірегі. Әке – әркімге қымбат. Әкені ардақтай білу керек, өйткені ол отбасының тірегі. «Әкеге қарап ұл өсер» дегендей әкенің балаға үйретері көп. Әке жақсы болса баласы да соған еліктейді.

Отбасы тәрбиесінде әке ұл балаға, ана қыз балаға жауапты болады. Сондықтан қазақта «Ұлдың ұяты – әкеде, қыздың ұяты – шешеді» дейді. Алайда әр шаңырақта әкелердің орны ерекше. Әке – отбасының асыраушысы, отбасы мүшелерінің қамқоршысы. Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнер мен білімі баланың көз алдындағы үлгі алатын, оған қарап өсетін нысанасы. Отбасының ұйытқысы, берекесі, мейірім-шапағат көзі әкенің ақылында, ер азаматтың қасиетінде. Ақылы мен пайымы терең аналар балаларын үнемі әкесін сыйлап, құрметтеуге бейімдеп отырады. «Әкең ренжіп қалар», «Әкең жіберсе бара ғой», «Әкеңе барып сәлем бер», «Әкеңнің керегін дайында» деп әкені құрметтеуге, қызмет етуге баланы жасынан дайындап отырса, мұндай отбасыда әрдайым тәртіп, ынтымақ пен бірлік болары сөзсіз. Ендеше бар баланың бақытына бір Алладан кейінгі панасы «әкелер» аман болса екен деймін.

Әсел МЕТЕРБАЕВА,  
Сарыбел ауылы.

## АҚПАРАТ САЛАСЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІН ҚҰТТЫҚТАДЫ

БАҚ өкілдерінің кәсіби мерекелері қарсаңында аудан әкімі Талғат Өмірәлиев ауданымыздағы ақпарат саласының қызметкерлерімен кездесті. Төл мерекелерімен құттықтап, сыйқұрмет көрсетті.

Мереке қарсаңында «Жаркент өңірі» газетінің бас редакторы Бағдат Айтмұқаева «Ақпарат саласының үздігі» атанды. «Жаркент өңірі» мен «Ұйғыр авазы» газетінің меншікті тілшісі Гаухарбүбі Исмайылжанова мен аудан әкімінің баспасөз хатшысы Нұрбол Ханағат облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Аудан басшысы биыл ғасыр жасына келген аудандық газет ұжымын мерейтойларымен құттықтап, алдағы уақытта атап өтетінін жеткізді.

«Көркем сөз – көңіл тілі» деген. Көптің көкейінен шығып, ел жаңалықтарымен бөлісіп жүрген облыстық «Жетісу» газетінің меншікті тілшісі Мырзағали Нұрсейіт пен «Оғни Алатау» газетінің тілшісі Әсел Мұқашева бүгінде ел танытын қарымды қаламгерлерге айналды. Міне, биыл газетіміздің ғасыр тойы болмақ. Бұйырса оны да атап өтеміз. Баршаңыз Жаркент өңірінің жақсы жаңалығын бөлісуде аянбай еңбек етіп келесіздер.

Еңбектеріңіз жемісті, қаламдарыңыз қарымды болсын. Отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін, – деді аудан басшысы кездесуде.

Мерекелеріңіз құтты болсын, қаламды қару еткен әріптестер!

(Басы 1-бетте)

# ЖАРКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ ТАРИХЫНА ҚИЯНАТ ЖАСАМАЙЫҚ

Қазіргі Атасу өзенінің бойындағы «Өгізтау», Сыр бойындағы «Өгізсу», «Өгіз бұлағы», «Тасөгіз», «Оғызкент», Ыстықкөлдін оңтүстік жағындағы «Жетіөгіз» өзені, Қостанай облысындағы «Өгізбалық» көлі сияқты атаулар осы оғыз тайпасының билік құрған кезінен қалған көне атаулар. Ал, «балық» сөзі көне түркі заманында «кала», «мекен» деген мағынада айтылған. Мысалы, Шу бойындағы көне Баласағұн қаласының бір аты «Құбалық» («Құбалық») болған. Атау «әдемі қала» дегенді білдірген. Моңғол дәуірінде Пекин қаласы «Ханбалық» деп аталғаны белгілі.

Ұлы Жібек жолының дүниежүзілік картасына көз жіберген адам Шығыстағы Қытай мен Үнді елін, Орта Азия құрлығын, батыста Еуропа елдері мен терістіктегі Сібірді, Еділ бойын, түстікте орналасқан Араб, Парсы елдерімен байланыстырып отырғанын көреді. Орта ғасырлардағы Қазақстан жерінде Ұлы Жібек жолының үш бөлек тармағы болғаны байқалады. Оның біреуі XIII-XIV ғасырлардағы Көктал-Сүмбе арқылы Қашғария еліне асатын тармақ болса, екіншісі Алакөлдін түстігін айналып өтіп, Көктұма – Дүнгене – Жаркент – Талғар – Баласағұн – Суяб қалалары арқылы оңтүстікке ойысады. Үшінші тармақ – Қазақстан жерін шығыс-оңтүстіктен сонау батысына дейін аралап өтетін Жібек жолы бөлігі. Ол Каспийдің солтүстігін айналып өтіп, Алтын Орда астанасы Бағу Сарайы, Сарайшық арқылы Сыр бойы қалаларын аралап, Жетісу жолымен Таразда жалғасады.

Осындағы Жетісу жерін басып өтетін Жібек жолының екінші тармағындағы көне атаулар: Дүнгене – облысымыздың Көксу ауданындағы Балпық би кентінің батысында орналасқан көне 154 мекеннің орны. Әйгілі француз саяхатшы-ғалымы Вильгельм Рубрук XIII ғасырдың орта шенінде осы Дүнгенені басып өтіп, Шыңғысханның ордасы (ставкасы) орналасқан Қарақорымға қарай жол тартқан. Баласағұн – Шу алқабында орналасқан ежелгі қала. Кезінде Батыс түрік, Қарлұқ қағанаттарының Қарахан, Қаракытай (Қарақидан) мемлекеттерінің астанасы болған Суяб – Жетісуда ерте орта ғасырларда болған қаланың атауы. Қаланың іргесі XI-XII ғасырлар шамасында қаланған, ол төрт ғасырдай уақыт Батыс Түрік, Түркеш, Қарлұқ қағандықтарының астанасы болған.

Көне деректерде осындай орта-ғасырлық қалалардың қатарында Панфилов ауданының орталығы – Жаркент қаласы да аталады. Балажан Қапасова «Орта ғасыр жазбаларындағы ономастикалық белгілер» атты зерттеуінде (Ономастикалық хабаршы, 2006 ж., №2): «Ел тарихы мен шежіре деректерінде Жібек жолының бойындағы VII-X ғасырларда ірі мәдени және сауда орталығы саналған әйгілі Отырар, Жаркент, Тараз, Баласағұн, Мерке қалаларымен бірге Түркістан, Сайрам, Сарайшық қалаларының бой көтеріп, қазақ жеріндегі қала мәдениетінің шарықтап дамығандығын көрсетеді», – деп жазады. Бізге көнеден жеткен тарихи деректерге сүйенсек, Жаркент қаласына байланысты «Жетісу» энциклопедиясындағы: «1882 жылы Жаркенттің іргесі қаланған, 1891 жылы қала болды», – деп көрсеткен дерегімен мүлде келісуге болмайды. Отырар, Тараз, Баласағұн қалаларымен қатар аталып, сол замандарда дамыған қала екені анық бола тұра, қалайша оны 1891 жылы ғана қала болды деп айта аламыз. Бұл қазақ Совет энциклопедиясындағы: «Жаркент уезі Жетісу және Сырдария облыстарын басқару жөніндегі патша үкіметінің «Уақытша ережесі» бойынша Жетісу облысында 1891 жылы құрылған әкімшілік бөлік», – деген мәліметтен алынғаны айқын. Бұл Жаркент уезінің құрылған уақыты. Ол қаланың іргесі қаланған уақытпен бірдей бола алмайды. Жаркент оған дейін сан ғасыр өмір сүрген көне қала. Оны Захир ад-дин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнамасы» мен Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» атты еңбектеріндегі айғақтардан да көруге болады. М.Х. Дулати: «Моңғолстан деп



аталатын аумақтың ұзындығы мен ені жеті-сегіз айлық жол болар. Оның шығыс шекарасы қалмақтардың жері – Барс көл, Еміл және Ертіске тіреледі. Солтүстік Көкше теңіз, Бум Лиш және Қаратал мен батыс шекарасы Түркістан мен Ташкент және оңтүстігінде Ферғана, Қашқар, Ақсу, Чалыш, Турфанмен шектеседі», – деп жазады. Бұл жерде айтылып отырған Көкше теңіз – қазіргі Балқаш көлі, Еміл – Алакөлдін шығысынан құятын Тарбағатайдағы өзен. М.Х. Дулати өз еңбектерінде Еділ өзенін «Атил», Каспий теңізін «Құлзұм» деп қолданады. Сонымен қатар, «Тарих-и Рашидиде» қазақ жеріндегі Жаркент, Хожент, Сайрам, Сарайшық, Отырар сияқты қала атаулары кездесіп қана қоймай, олар жайлы құнды мағлұматтар сипаттала берілген. Қалалармен қатар Қаратал, Шарын, Қарашық, Қаратоғай, Қозыбасы, Сарыкөл, Жам, Жайтөбе, Ақсу сияқты жер-су атаулары шежіреде жиі кездеседі.

Бұрын-соңғы тарихи деректер мен географиялық карталарға үнілсек, «Жаркент» аталатын екі қала (баска елді мекендерді қоспағанда) бар екенін көреміз. Біреуі Яркенд (қазақша Жаркент), Қытайдың Тарим ойысындағы Такла-Макан шөлді өлкесінде, Яркенд өзенінің бойында орналасқан көне қала. Осы Яркенд (Жаркент) қаласында 1858 жылы Шоқан Уәлиханов болған. Оның айтуынша сол кездегі Яркенд Шығыс Түркістан өлкесіндегі қалалардың ең үлкені болған. Қала шеңбері 25-30 шақырым, онда 33 мыңға жуық адам тұрған. Яркенд аймағында археологиялық қазба жұмыстары жүргізілмеген, сондықтан мұндағы жұрттың қай уақыттан мекендей бастағаны туралы нақты дерек жоқ. («Қазақ Совет энциклопедиясы», 4-т, А, 1974 ж. 311-6).

Екінші Жаркент қаласы – Алматы облысы аумағындағы Панфилов ауданының орталығы. Жаркент уезінің құрылу уақытын Жаркент қаласының құрылу күні деп қарау тарихи тұрғыдан мүлде дұрыс болмайды. Сондықтан да 1991 жылғы Жаркенттің 100 жылдығын тойлауымыз қаланың тарихына қиянат болды, өз қолымызбен қаланың көне, ежелгі тарихын, оның өмірін қысқартқандық болды. Тіпті, тым әрідегі құжаттарды ақтарып, назарларыңызды талдырмай-ақ, берідегі, XIX ғасырдың орта кезіндегі кейбір мәліметтерге жүгінейік. Әйгілі орыс саяхатшысы, ғалым-географ П.Семенов

Тян-Шанский 1851 жылы Тянь-Шань саяхатына шыққан сапарында жолшыбай Омбы қаласына тоқтап, онда Шоқан Уәлихановпен кездеседі. Онымен жақын танысып, оған Қашғар саяхатына шығуға кеңес береді. Ал Семенов Тянь-Шанскийдің өзі Қытай жағында ұзақ болмаған. Ол жөнінде Шоканның өмірі мен творчествосын зерттеуші ғалым-жазушы И. Стрелкова былай деп жазады: «В Семипалатинске Петр Петрович и Чокан встретились после того, как оба путешествовали по одному примерно маршруту (Капал – Верное – Иссык-Куль – Кульджа) и обидались с теми же людьми (Абакумов, Хоментовский, Перемышльский, Захаров), но Валиханов находился, например, в Кульдже три месяца, а Семенов всего несколько дней. (И. Стрелкова, Валиханов. ЖЗЛ, М, «Молодая гвардия», 1983 г. стр.126). Семенов Тянь-Шанскийдің Қытай жағын кеңінен камтып зерттеуіне сол кезде Шығыс Түркістанда қалыптасқан жағдай, баска елге, әсіресе, европалықтарға бұл өлкенің «жабық» болуы кедергі болғаны байқалады. Сондықтан, ол Қытайдың Қашғар, Яркенд қалаларына бара алмаған сияқты. Бұл жөнінде И. Ивлев былай деп жазады: «Непроницаемая тайна окутывала Восточный Туркестан, его государственное устройство, экономику, рельеф, природные условия. Европейцам не удавалось посетить его территорию из-за необычайного фанатизма, враждебности к «инверцам» и скрытности деспотических владык. Незадолго до путешествия Валиханова в обличье не то мусульманского купца, не то паломника-богомольца в Кашгар проник немецкий ученый Адольф Шлагинтвейт и... поплатился, в буквальном смысле, за это головой» – (Ивлев И. П. И оживают биографии. А, 1983 г. Стр.168-169). Сондықтан П. Семенов Тянь-Шанскийдің Қытай жағындағы Яркенд, Қашғар қалаларына өзі бармай, Шоқан Уәлихановқа кеңес беруі түсінікті. Алайда оның жолжазбаларында сол кездегі Жаркент қаласы жайлы қызықты деректер кездеседі. Ол: «Жаркент керуен сарайы жолаушының есіне ұзақ сақталар ғажайып ғимаратта орналасқан: «Бір жағы ұлттық ою-өрнекпен әшекейленген гобеленді қабырғалар, келесі жағы ашық аспан, ақ басты қарлы таулар, сарқырап аққан бұлақ, кірсе шыққысыз мейманхана, сізге жер үстінің жұмағындай сезіледі. Асы қандай дәмді, аспазы неткен әдемі. Алыстан арып-ашып жеткен керуеншілер қашан күш

жинап, саудасын жасап, қаланы аралап болғанша көліктерді тау ішіне айдап, бағатын малшы бар. Қазақтар қонағын төріне шығарады, жаны қалмай қызмет қылады, тегі бар ғой, мына тіршілікте екінші мәрте қайыра кездесуі екіталай, мүлдем беймәлім жатжерлік саяхатшыға осынша жік-жаппар пейіліне танданасыз, әрі мәрт мінезіне тәнті боласыз. Жер бетінде осыншалық мейірбандық, ажүректік, қолы ашықтық болатынына еріксіз иланасыз», – деп ерекше таңдана да тебірене жазады. (Семенов Тянь-Шанский. «Неизданные записки», М, 1997, С-57).

Осы үзіндіден қазақ жерін мұқият зерттеген атақты саяхатшы қай қала туралы айтып отырғаны анық көрінеді. Бұл Қытайдың Яркенд қаласы емес, қазақтың Жетісу жеріндегі Жаркент қаласы екені анық. Өйткені қазақтың керуен сарайындағы қонақжайлық туралы айтып отыр ғой. Саяхатшы сол 1851-1857 жылдардағы естелік жазбаларында Жаркентті «қала» деп атайды. Ендеше, қаланың тарихын 1891 жылғы патша үкіметінің «Уақытша ережесі» бойынша Жаркент уезінің әкімшілік бөлік болып құрылған кезінен бастағанымыз дұрыс бола ма? Бұлай етсек, Жаркент қаласының тарихын, оның жасын аз дегенде жарты ғасырға кемітіп алмаймыз ба?

Осыдан соң Жаркент қаласының іргетасы 1882 жылы қаланды деп жазған «Жетісу» энциклопедиясының жазбаларын мойындауға бола ма? Қаланың іргесі қай замандардан қалана бастағаны жөнінде нақты тарихи дерек жоқ, ондай мәлімет сақталмаған. Алайда қала 1891 жылы, Жаркент уезінің орталығы болған кезде ондағы тұрғындардың саны 25231-ге жеткеніне қарағанда, Жаркент сол кездің өзінде ірі қала болғаны көрінеді. Қала бір сәтте немесе бір-екі жылда салына қалмайтыны белгілі. Біздің айтарымыз, көптеген жылдар нәтижесінде, тіпті ғасырлар бойы XIX ғасырдың аяғына қарай Жаркент қаласына жиырма бес мыңнан аса адам біртіндеп қоныс тепкен, сөйтіп ол қала болып қалыптасқан. Ташкент, Самарқанд, Шымкент, Жаңакент, Саудакент, Құмкент, Сүткент сияқты Жаркенттің де ерте замандағы Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан көп ғасырлы тарихы бар ескі қала екенін оның атты да дәлелдей түседі.

Дүйсен ЖҮНИСОВ,  
түрколог, зерттеуші.

(Басы 1-бетте)

# ҚЫЗЫР ШАЛҒАН

Дүпшінкөлді жергілікті тұрғындар қазір де Дүпшінкөл деп атайды. Бұл – моңғолша атау. Қазақша – тынық көл деген мағына береді. Гункөл атауы да моңғолша, қазақша терең көл деген сөз. Сол Гункөл Сатай батырдың бүкіл елге ат шаптырып, ауызша берген жарлығының негізінде Алтынкөл аталып кетеді. Оның сыры мынада еді. Қазақ елінің жер-су аттарының атауында бізге жеткен әңгімелер мен аңыздар өте көп. Бәрі де еліміздің шежіресіне, тарихына өшпейтін сыр қосып тұр. Сондай шап-шағын, түп-тұнық Алтынкөл бұрынғы атауы (Гункөл) мен Дүпшінкөл ауданымыздағы Пенжім ауылынан он шақырымдай төмен жердегі өте кең құмды алқаптың ортасында жасырынғандай болып орналасқан. Бұл екі көлге де жан-жағынан ағып келіп, құйылып жатқан өзен де, бұлақ та жоқ. Сонда кең аймақты құмның ортасындағы бұл екі көл қалай пайда болған? Құм ішінде болғандықтан суы неге тартылып кетпейді? Ал екі көл мен Қорғас өзенінің ара қашықтығы он шақырымдай жер. Аңыз бойынша осы екі көл мен Қорғас өзені жер асты арқылы байланыста делінеді. Әйтпесе екі көл де тартылып кетер еді. Бұл аңыз болса да шындық. Сатай батырдың жауынгер қолы Гункөлдің құрағы жайылған жиегіне қоныстайды. Сатай батырдың сары тұлпарын суыту үшін батырдың ат күтушісі ат тізгінін алтын ерге мықтап таңып, шылбырын Гункөл жиегіндегі жидеге қыл шылбырмен байлап қойған. Түннің жарымында алыс жол жүріп шаршаған сары тұлпар қатты шөлдеген соң су ішуге қайта-қайта ұмтылып тұрып, жиде ағашына байлаған жерінен шешіліп, көлге су ішуге беттейді. Тізгіні алтын



ерге мықтап байланған ат аузы суға жету үшін көлдің тереңіне қарай жүре береді. Дәл сол кезде атты күтуші жігіт оянып кетіп, су ортасындағы Сатай батырдың сары тұлпарын көріп, зәре-құты қалмай айғайлап жіберіпті. Қатты айғайдан оянып кеткен Сатай батыр мен жасақтары көл ортасында суға көміліп тұрған сары тұлпарды көреді. Сары тұлпардың аузы көл суына енді-енді жеткенде сары тұлпардың көл суына біртіндеп батып бара жатқанын бәрі де көреді. Бірақ атты құтқаруға ешкімнің амал-айласы да, мүмкіндігі де жоқ еді. Өнеміне дегенше Сары тұлпар көл суына батып, көзден ғайып болады. Сонда Сатай батыр: «Тұлпарымды көлдің

жылымы тартып кетті. Іздемендер!» деп іздемек болғандарға тоқтау салған екен.

Осы түннің ертеңінде Сатай батырдың қалың қолы осы маңнан сексен шақырымдай жердегі Сатай батырдың жасағы жаттығатын жаттығу орны Доланқара дөңіне бет алады. Гункөлден кетерінде Сатай батыр: «Мұнда менің алтын ерлі атым жылымға сіңіп кеткендіктен, моңғолша Гункөлдің атауы бүгіннен бастап қазақша Алтынкөл деп аталады», деп ауызша жарлық беріп, жол-жөнекей елді мекендердің халқына ендігі жерде Гункөлді Алтынкөл деп атайсындар деп хабаршыларын жібереді.

Ол жылдары Ұлы жүздің бас батыры – Сатай батырдың айтқан әрбір сөзі сөзсіз орындалатын еді. Өйткені, Ұлы жүздің бар қауіпсіздігі сол кезеңде Сатай батырдың қолында еді. Өз жерін түрлі басқыншыдан енді ғана толығымен азат еткен Сатай батырдың беделі мен абыройы бұрынғыдан да асқақтап тұрған заман еді. Бұл 1738-1745 жылдары болған оқиғалар. 12 томдық «Қазақ Совет энциклопедиясы» мен «Қазақ ханы – Абылай» атты екі томдық кітапта айқын жазылған. Сатай батырды «Қызыр шалған батыр» деп сол кезде халық босқа айтпаса керек. Оған тағы бір нақты мысал 2011 жылы Қорғас шекарасынан ҚХР мен Қазақстан арасына темір жол салынып, пайдалануға берілгенде осы Қорғастағы темір жол стансасына жаңа атау беру жөнінде мәселе көтеріліп, бас қосушылар темір жол стансасының атауына бес түрлі атауды ұсынады. Сол бес атаудың ең соңына Сатай батыр Алтынкөл деп ататқан Алтынкөл атауы тіркеледі. Өзге төрт атаудың соңында талай-талай мықтылар мен қаржысы көкке шашылып тұрғандар тұрды. Тіпті кейбіреулері алдын ала «біз жеңдік» деп бірін-бірі құттықтап та жіберіп еді.

Комиссияның соңғы шешуші отырысында бір сәт сілтідей тына қалған тыныштықты Сатай батырдың аруағы қолдап, темір жол стансасы Алтынкөл деп аталады. Ұлы адамның артында өшпейтін, уақыт өткен сайын жарқырай түсетін ұлы ізі қалады деген осы емес пе?!

## ДОЛАНҚАРА

Бұрынғы атауы моңғолша Гункөлден, сол күні Сатай батырдың жарлығымен аталған Алтынкөлден қозғалған жер қайысқан қол Сатай батырдың жасағы тұрақты түрде жаттығатын Алтынкөлдің батыс жағында жетпіс шақырымдай жердегі Доланқара шағын тауына қарай бет алады. Доланқара да қалмақша атау. Долан – қазақша жеті деген сөз. Қара деген сөз қазақша. Сонда күні бүгінге дейін Доланқара деп аталып келе жатқа үлкен тау төбенің қазақша атауы Жетіқара болып шығады. Шағын тау жотасы қазіргі Панфилов ауданындағы «Жаркент арасан» шипажайынан он шақырым төмен орналасқан. Биіктігі табанынан төбесіне дейін мың метрдей биік тау жотасы. Бұл төбеге шықсаңыз, айналаңыз түгелімен көрінеді. Сатай батырдың бүкіл жасағы осы Доланқара төбесі мен соның етегіне орналасқан екен. Доланқараның төменгі жағындағы он сегіз мың гектардай жер жазық. Міне, осы жазық Сатай батырдың жасақтарының қабілетін шынықтыратын жаттығу орны болған. Жаттығуларды Сатай батыр өзінің жасақ басшыларымен осы Доланқараның төбесіндегі жеті шатырда жатып бақылап отырған. Сатай батырдың осы жеті шатырына байланысты моңғолдар бұл тауды сол кезде-ақ Доланқара деп атап кеткен екен.

1820 жылдары Ресей Қытаймен шекараны нығайту үшін жасақталған арнайы әскерін осы Доланқара төбесіне топтастырған. Ресейдің генералдары, жоғары шенді әскери басшылары осы Доланқараны таңдауында да үлкен сыр жатқан жоқ па? Ақ патшаның жоғары шенді әскері жаттығу өткізуге бұл жерді өте қолайлы жер деп таңдаған. Сатай батырымыздың таңдауы ақ патшаның генералдарының таңдауымен тепе-тең түсті деп берік сеніммен, күмәнсіз айта аламыз.

Арада жүз жыл өткенде, яғни 1918 жылдың көктемінде Жаркент уезінде қызыл әскердің жасағы да осы Доланқараны әскер бекінуге ыңғайлы орын деп бірден таңдайды. Әскери шатырларын осы Доланқара төбесіне қаздай тізеді. Бұл жерден айнала



# САТАЙ БАТЫР



ашық көрінеді, етегіндегі он сегіз мың гектардай жері қызылдардың атты және жаяу әскерлерінің, жаттығу орнына айналуы қызылдардың жоғары шенділерінің талғамдары Сатай батыр бабамыздың таңдаған жеріне сайма-сай келуінің өзі Сатай батыр бабамыздың әскери талғамының жоғары екендігін аққа да, қызылға да дәлелдеді.

1991 жылы Қазақстанымыз жеке тәуелсіз ел атанған соң, мемлекетіміздің жеке әскері құрылды. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін басқаруға ең таңдаулы генералдар, сардарлар, сарбаздар тартылды. Сол бір қиын кездің өзінде Панфилов ауданына 1993 қоныстанған Қазақстан Республикасы әскерлерінің оқу-жаттығу алаңы тағы да осы Доланқараға тұрақтады. Қазір аудан, республика бойынша өтетін кейбір әскери жаттығулар да осы Доланқара аймағында өткізілуде. Мұнда өткен сол әскери жаттығулардың бірнешеуіне журналист ретінде қағысқан біз нақты айта аламыз. Жалпы, Сатай батыр таңдап, әскерін жаттықтырған әрі жауынгерлерінің тұрақты қонысы болған Доланқара аймағын таңдауында үлкен сыр жатыр. Ол сыр үш мемлекеттің де жоғары дәрежелі әскер басшылары ұйғарымының Сатай батыр жауынгерлері тұрақтаған Доланқара аймағын таңдауда ешбір қателеспегенін айқындап та, дәлелдеп те тұр.

## НАЙЗАТАПҚАН

Дүние жүзіндегі екі жүзден астам мемлекет арасында жер көлемі жағынан тоғызыншы орынды иеленіп отырған қазақ мемлекетінің жерін ғасырдан-ғасырға даналарымыз бен данышпандарымыз, кеменгерлеріміз, батырларымыз, бүкіл халқымыз қызғыштай қорғай білді. Бүгінгі ұлан-ғайыр жеріміз берік қорғаныста және қорғала да бермек.

Сатай батыр Алтынкөлден шығып, батысқа қарай жетпіс шақырым жердегі Доланқараға жетіп, мұнда бір күн түнеп, ертесі батысқа қарай тағы елу шақырымдай жолды басып өтіп, таяз сайға жетеді. Үш мың жауынгерден тұратын алты топ

жасақты басқарып келе жатқан қалың қол ұзақ жолдан шаршап та қалып еді. Әсіресе аттары қаталап қатты шөлдеген. Күн бесінге таянғанда көк-орай шөбі шалқыған сайлы жерге жетеді. Бірақ мұнда да талайды бастарынан өткерген Сатай батырдың жасақтары шыдамдылық танытады. Қазақ елінің тағдыры қыл үстінде тұрған кезде де Сатай батырдың жер қайыстырған жасағы бес қаруын сақадай-сай асынып, аттарының үстінде көз шырымын алып, қолдарын тізгіндерінен босатпап еді. Сыртқы жау қазақ халқының ынтымағы мен батырларының батылдығынан қаймығатын.

Панфилов ауданының орталығы Жаркент қаласынан сексен шақырымдай жерде қазір Найзатапқан деп аталатын жер бар. Сатай батырдың қалың қолы дәл осы бүгінде Найзатапқан деп аталып жүрген жерге келіп еді. Сатай батырдың жер қайысқан қолы келгенде мұнда су жоқ, шағын сайда жайқалған шалғын шөп қана өсіп тұр екен. Батырдың жауынгер қолы бұл қойнауға келгенге дейін шағын сайды ешкім Найзатапқан деп атамаған, Шалғын сай дейді екен. Сатай батыр жайқалған шалғын шөпті әрі сазды шағын сай екенін зерттей сала, көңіліне түйген ісіне шұғыл кіріседі. Сатай батыр атының үстінде тұрып, қолындағы найзасын саздау әрі ойпаңдау жерге қуатты қолының күшімен ырғап-ырғап кіргізеді. Сонда жерге жарты құлаш бойы кірген найза орнынан бұрқ етіп су атылып шығады. Қуанған әрі өз ойының дұрыс болғанына риза болған Сатай батыр сол шағын сайды найзамен ат үстінде тұрып қуатты күшпен шаншып, ырғап жүріп бірнеше жерден су шығарады. Шөлдеп келген жасақ мөлдір суымен шөлдерін басады. Ертесі Сатай батыр бұл жерді Найзатапқан деп атаймыз деп осы маңдағы тұрып жатқан қазақ ауылдарына шабармандарын жібереді. Батырдың айтқанын халық сөзсіз орындаған. Егер бұл жердің атауы «Найзатабылды» болса, «Е, мұнан найза табылған екен ғой» дер еді халық. Найзатапқан деген атауының аржағында найза өзінен өзі бірдеңені таба алмайтыны айдан

анық. Найза өздігінен қозғалмайды. Найзаны әлдекім қолымен қозғалту арқылы бірдеңені жерден табады ғой. Міне, бұған нақты жауап – Сатай батырдың өз найзасын жерге өте қуатты қолымен шаншып тұрып ырғап-ырғап жіберіп, су шығарды. Содан кейін бұл суды адам қолы емес, адамның қуатты қолымен жерге ырғалып кірген найза тапты. Содан соң Сатай батыр бұл жерді Найзатапқан деп атады. Бұл – нақты дәлел, шынайы шындық. Қазір де бұл сай Найзатапқан деп аталып келеді.

Кеше Қорғас өзенінің жанынан монғолша аталған Гункөл көл – Алтынкөл деп аталса, енді мына суы әр жерден атқалаған сай Найзатапқан деп аталды. Осы екі атау да күні бүгінге дейін Алтынкөл және Найзатапқан деп аталып келеді. Сатай батырдың не деген нақтылығы десенізші. Найзатапқан деп аталуының өзі және Сатай батырдың бұл атауын бүкіл халықтың бірден қолдап кетуінің өзі Сатай батырды «Қызыр шалған адам екен» деуін тағы да бұлтартпас айғақпен нақты дәлелдеп тұр. Найза нені тапты? Әрине, суды тапты.

Найзатапқанда оннан астам жерден бұлақ көздері бүгінге дейін бүлкілдеп шығып ағып жатыр. Ол сулардың емдік қасиетінің өзі өте жоғары болды. Аяғы, белі, асқазаны ауырған адамдар осында көктемнен бастап келіп суық күзге дейін емделіп жатады. Сатай батырдың найзасының



жерге кірген ұшының орындарынан шығып жатқан бұлақтардың емдік қасиеттерінің болуының өзі көп нәрседен аян беріп тұрғандай.

Мен бұл мақалада Сатай батырдың үш нақты, тарихи айғақты оқиғасына тоқталдым. Бүгінгі біздер, әсіресе жас ұрпақ қазақ жерінің қазақ мемлекетіне өзінен өзі беріле салмағанына назар бұрдым. Қазақ елінің «тарихи сызба шекарасы болған жоқ» дейтін бірді-екілерге айтарым, біздің шекарамыз әрқашан осындай айбарлы да аруақты бабалардың найзасының ұшымен сонау ғасырлардың өзінде сызылып, айқындалып қойған. Соның бір дәлелі бүгінгі біз бірнеше даналығын дәріптеп өткен даңқты Сатай батыр.

Шекарамызды шегендеуде осынау батыр да баһадүр бабаларымыз қан кешіп жүріп қазақ даласын жаудан тазартты, ішіне бейбіт ел қоныстандырды. Әр шоқысына жаңа атау беріп, жас ұрпаққа қасиетті атамекенді аманат етті.

Біз бүгінде осынау қастерлі құндылығымызды көзіміздің қарашығындай сақтап, қазақ даласының әр тасын алтыннан артық бағалауымыз керек.

«Қазақ Совет энциклопедиясында» және «Қазақ ханы – Абылай» атты ғылыми деректі екі томдық кітапта, тағы басқа да тарихи-ғылыми еңбектерде бірінші болып Сатай батырдың аты аталады. Осының өзі-ақ Сатай батырдың батырлар арасында алдыңғы орында тұрған өр тұлға екенін айқындап та, дәлелдеп те тұрғанын көрсетеді.

Екінші айтарымыз, Сатай батырдың жасақтарының шатырлары иленген жылқы терісінен жасалғаны жөнінде ауыздан-ауызға көшкен бұлтартпас әңгімелер бізге жетіп отыр. Сонда иленген жылқы терісінен тігілген шатырлардан нөсерлеп жауған жанбыр бірнеше күнге созылса да су өтпейді және қатты суықтарда іштегі жылуды сақтайды, жақсы иленген жылқы терісі қатпайды екен. Осының бәрі Сатай батырдың тұрмыстық салада да білгір екенін көрсетеді.

Сатай батырдың төрт әйелі болған екен деген аңыз бар. Бірінші әйелінен туған екі ұлы шешесімен бірге Сатай батыр өзі туған Сарыбелде қалған. Бүгінде Сарыбел және Жаркент аймағында «Сатай батыр руынанбыз» дейтін азаматтар көп. Олар – Сатай батырдың екі ұлынан өсіп-өнген ұрпақтар. Қазақстанның түкпір-

түкпірінде «Сатай батыр ұрпағымыз» дейтіндер бар. Олар Сатай батырдың өзге үш әйелінен тараған ұрпақтар болуы мүмкін. Дұшпандарды жерімізден қуып шығудың қиян-кескі, жан алысып, жан берісіп жататын майданында қазақ батырлары әйелдерін, балаларын атқа мінгізіп өзімен бірге алып жүрмеді. Батырлар аттың жалында, түйенің қомында ғұмыр кешті. Сондықтан да әйелдері батырдың әйелі екенін жасырып, ауыл-ауылда қалды. Батырдың әйелі екенін білсе, жасырынған жау оларды балаларымен бірге қырып кетер еді. «Сақтансаң сақтаймын» деген Алла сөзін батырдың адал жарлары сол заманда зерделеріне жақсы тұтып, жан сақтаған.

**Садық ЖҰМАБАЙ,**  
Қазақстан Журналистер одағы  
Балғабек Қыдырбекұлы  
атындағы  
сыйлығының лауреаты.  
Жаркент қаласы.

# МЕН ЖАСТАРДАН ҚОРҚАМЫН...



**Жиырмасыншы ғасырдың басында «мен жастарға сенемін» деп сеніммен айтқан Мағжан ақын бүгін тіріліп келсе, осылай «мен жастардан қорқамын» деуі демүмкін еді-ау, деп ойлаймын...**

Аристотель ғұлама сонау өзінің заманының жастары жөнінде кезінде солай деген екен. Менің де өз заманымның жастары туралы осы сөзді қайталауыма тура келіп тұрғанына өлердей өкінем. Өттең, Мағжан сияқты «мен жастарға сенемін!» деп мақтанышпен айта алсам-ау, шіркін! Амал не! Бүгінгі тәуелсіз қазақ жастары бізге бұлай дегізе алмай отыр...

Бүгін, құдайға шүкір, тоқшылық, баршылық заманы. Жастар не ішем, не киім демейді. Керісінші, таңдап ішіп, талтайып құсып жүр. Өз ұлтының киімін менсінбей, шетелдік киімдерді киуге әуес. Астыларында арындаған автокөлік. (Ол да шетелдік). Қалталарында түрлі-түрлі ұялы телефон, қолдарында ноутбук т.б. (Осы сөздерді мен мақтанышпен айтып отырмын) Ал, мақтана алмайтыным: солардың іс-әрекетіне сырттай көз жіберсең, әңгімелеріне құлақ салсаң құмарыңнан шыға алмай, қарның ашады. Басқа емес, Ұлттық сана туралы ой-өрістерінің тым жұпынылығына, жұтандығына, таяздығына көңілің ортайып қаласың. «Біз де бала болғанбыз» дегендей, жастық жалын, ұрыншақтық, сотқарлық, еліктегіштік, ерен санамаушылық, ағусті қараушылық дегендер болса, е, өсе келе түзеледі ғой, оған бола күйіп-пісудің қажеті қанша деп қоя салуға да болар еді. Мәселе ода болмай тұр ғой...

Жастарға кешіруге болатын дүние бар да, болмайтын, олардың санасына күйіп қорғайтын асылдарымыз бар емес пе. Егер олар сол асылдарын алдыңғы аға, әпкелерінен көргеніндей қанына сіңіріп, көкірегіне құйып өспесе, ертең кеш болатынын тарих тағылымы көрсетіп келеді емес пе. Ұлтының ең асыл қасиеттерін бойына жұқтырып өспеген ұл-қызымыз, өсе келе өз ұлтынан жеріп, өзге ұлттың керексіз етіп тастағанын малданып, сонымен ауыруға бейім тұрады. Ең қиыны, сол жұқтырғанынан

жазыла алмай қалады. Ол денсаулықтың ауруы емес, Сананың ауруы. Олар: тіл, дін, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, мінез тағы басқа толып жатқан атрибуттар. Осылардың негізінде Отансүйгіштік, ұлтжандылық деген ұлы ұғым тұр емес пе. Отанының тіліне, салт-санасына ағусті қарап, қаламаса кете салатын, қаласа келе салатын дүние деп ойлағандар оңбай қателеседі. Оны халқының өткен тарихын білмейтіндерге түсіну қиын...

Бүгінгі ғаламторға ессіз еліктеушілік осы қателесудің басы дер едім. Асты да артық ішсең құстырады. Ғаламторды да орнымен пайдаланбаса дәл солай, құстырмаса да... Сананы улап, бағытыңнан адастыратыны анық.

Мені ойға қалдыратыны, қазақ жастарының әсіреқызығушылығы. Тез еліктегіштігі. Жақсыны да, жаманды да сорғыш тәрізді бойына тез сіңіретіндігі. Осы қасиетін оң бағытқа бағыттап отырса қазақтың алмайтын асуы болмас. Өттең, бәрі бірдей елім деп еніреп тұрған жоқ-ау. Заманның теріс соққан желімен елілдеп-желпілдеп кері кетіп жатқандары да аз емес. Қарапайым мысал: теледидарда «караоке такси» деген бүгінгі күні жаңа бағдарлама бар. Сол таксиге отырғандар ән айтуға тиіс. Алғашқы кезекте әркім өз қалауы бойынша ән орындайды. Сол кезде қазақтың өрімдей жастарының бірде-біреуі өзінің ана тіліндегі әнді орындаған емес. Білмейтін болар деп ойлайын десен, тапсырма бойынша Қазыбек (жүргізуші) қазақ әнін бастаса, іліп әкетіп айтып жатады. Ал, қалауың бойынша айт десе, орыс тілінде, немесе ағылшын тілінде сайрап қоя береді. Сонда бұл не? Өз ұлтының тіліндегі әндерді менсінбеу ме, жоқ «ауылбай» демесін деп намыстанған түрі ме? Әлде, шетелдің тілінде ән орындау мақтаншы па? Менің түсінігімде, осы соңғысы басым тәрізді. Мақтаншақтық. Осы әсіремақтаншақтық біздің сорымыз. Сорымыз болғанда, өз ұлтының асылын ардақтап мақтану емес, біреудің жылтырағына әуестеніп мақтану болып тұр ғой... Бұның түбінде намыссыздық жатыр емес пе?

Өз ұлтын мақтан етіп, асылдарын бірінші кезекке қойудың орнына, одан жалған ұялатын, жалған намыс жетегінде жүрген жастарымыздың болашағынан қалай қорықпассың? Ертең олардан өскен ұрпақ қандай болады? Ұлтының жақсысын мақтан етуден ұялатын жастардан не қайыр, не үміт?!

«Караоке таксиде» орындалған әндерге бола жастарды сөгуге бола ма

деп араша түсетіндер де табылар. Алайда, тәрбиенің үлкен-кішісі болмайды деген қағида бар емес пе халқымызда? Бүгін елеусіз көрінген кемшілік, ертең асқынып, емдеуге көнбей кететінін педагогика саласы жақсы біледі. Ендеше, әр нәрсеге ақыл-ой таразысымен қарағанымыз жөн болар.

\*\*\*

Адамдардың жүрегінің кілті – тілде. Тілін түсініп, ортақ ниетте сөйлесер болсаң, қай ұлттың өкілімен де мдделес болуға болады.

## КЕМЕЛДЕНУ

Бір неміс композиторы (аты есімде жоқ) елге танымал болып, атақ-даңқы дүрілдеп тұрған кезінде журналистке берген сұхбатында:

- Жаңадан әндерім жария бола бастағанда «Мен» дейтін едім, кейінірек «Мен және Моцарт» дедім, одан бертінде «Моцарт және мен» дедім. Бүгіндері тек қана «Моцарт» деймін деген екен.

Талант нағыз кемеліне келген кезде ғана ұлыларды мойындайды деген осы да.

Бір поэзия кешінде бір жас ақын «Сәбит Мұқанов ақын емес, ол прозашы» деп тіл тигізгенін жазушы өзі естіп тұрады. Жанындағы жолдасы:

- Сәке, ыңғайсыз болды-ау,- деп күмілжіпті. Соңа Сәбит:

- Түк етпейді, мен де жасымда Абайды мойындамағам, - деген екен жылы жымып.

\*\*\*

Өмір қандай тәтті, қандай қызық десеніңші! Ол, қиындығымен де, қысқалығымен де қызық тәрізді көрінеді маған. Жас кезінде ересек болуға құмартып, күн өтпестей болушы еді. Ал, ересек болғанда күннің шыққаны мен батқаны қас қағымдай сезіліп, апта мен айдың, жылжып жылдардың өте шыққанын байқамай қалып жүрміз-ау...

## АҚИҚАТ ПЕН ШЫНДЫҚ

Ақиқат – Алладан, Шындық – адамнан. Алдымен Алланың өзі ақиқат, содан соң сөзі ақиқат. Алла жаратқан фәни мен бақи ақиқат. Осы ақиқатты сезінсін деп Алла адамға ақыл-ой, сана берді.

Ал, шындық та адамның өзінде, содан кейін сөзінде. Адамды шындықтан алыстату үшін жағасына жалғандық жармасады. Ол өмірден осы шындық пен жалғандықты ажырата алмай өтеді. Қолмен ұстап, көзбен көргенім – шындық,

ал, естігенім жалғандық деп ойлайды. Сөйте тұра көзімен көрген фәниді «жалған дүние» дейді де, түйсігімен сезінген бақиды шын дүние деп қабылдайды. Осы екеуін айыруға адамның ақылы мен санасы жете бермейді. Ол – жаратушы Аллаға ғана аян.

## «ҚАНИБЕТ»

«Мен Қасымның (Аманжолов) тірі кезінде ол туралы бірде-бір мақала жазбағаныма өкінемін. Мың дегенмен, тіршіліктегі қанибетке не жетсін» деген екен қасымтанушы ағамыз Тәкен Әлімқұлов. Осы өкініш адам баласының бәрінде болады-ау деймін. Тірі кезінде жақсы адамдарды өлмейтіндей, топыраққа көмбейтіндей көріп, ол туралы айтарымызды кейінірек айтып, кейінірек жазып үлгірерміз деп жүргенде қалай айырылып қалғанымызды білмей қалады екенбіз. Бұл, тірілер жөнінде жаман ойламайтын, жақсы әдетіміздің бір көрінісі шығар. Мұқағалиша айтқанда «өмір сүру - өлемін деп ойламау».

Әлде, «өне жүр ғой өзі, оған арнағанымды ит жей қоймас» дейтін кертартапна мінезімізден бе екен? Әйтсе де Тәкен аға айтқан «қанибетті» ұмытпағанымыз жөн шығар.

## ТІЛ ТУРАЛЫ ОЙ

Әр ұлттың тілі алланың нұрынан жаралып, ананың ақ сүтімен шақалақтың бойына тарайтын қасиет деп түсінемін өз басым. «Жұмақ ананың аяғының астында» деген екен Мұхаммед (с.ғ.с.). Ендеше, ана тілін әдейі ұмытқан адамның бақида баратын жері тозақ деген сөздің мәнісі тереңде -ау деймін. Мен мұнда «әдейі» деген сөзді тегін қосып отырған жоқпын. Баланы көмелет жасқа толмаған кезінде ана тілінен ажыратқан болса, оның күнәсін ата-анасы көтеруге тиіс. Ал, көмелет жастан кейін, ақыл-ойы толысқан адам ана тілінен саналы түрде бас тартып, өзге тілді мақтаншы көріп шүлдірлесе, оның күнәсі дінін саққанмен бірдей. Дінсіз деп айтуға болады. Ендеше, ондайларды Алла да жақсы көре қоймас. Тілін аяққа таптау, анасын қор санағанмен бірдей. Ондайлар ананың аяғының астындағы жұмақтан садаға кетпей ме!

\*\*\*

Белгілі сатирик Көпен (Әмірбек) айтады:

- Алпысқа келген кезім еді. Өзімнің ұстазым Шерхан Мұртазаға жолықтым:

- Шер-аға, алпысқа келдім, - дедім қолым ұстап тұрып.

- Көпен мырза, алпысқа не бітіріп келдің? – деді ұстазым.

Бұл мені құттықтауы емес, жағымнан шапалақпен тартып жібергендей болды,- дегені бар...

Біз де алпысқа келдік. Шер-аға маған да әлгі сөзін айтқандай, құттықтаудың орнына шапалақпен тартып жібергендей сезінем өзімді. Көпекен айтқандай мен де арт жағымға қарасам түк бітірмеген екенмін. Маған қарағанда әлгі сөзді айтқан Көпен бақытты. Оны бар қазақ таниды. «Көпен келе жатыр» деп тік тұрады. Ал, мен ше? Бірен-сараны болмаса, ешкім танымайды. Кітаптарым елге тарамайды. Тарамаған соң оқымайды. Кейде ойлаймын, ең болмаса бір сыншының қолына түсіп, өкіртіп тұрып сынаса ғой деп. Дүниеден осылай үнсіз өтіп кетуден қорқамын...

\*\*\*

Бексұлтан ағаның (Нұржекеұлы) «Кәріс қызын» оқып шыққаннан кейін маған мынадай ой келді. Бұл – ақынға, ақын болғанда, Мұқағалидай біртуар тұлғаға, оның әр жолы жүрек қылын тербейтін, тебіренетін жырларына деген өшпес махаббат! Ал, махаббат ұлтқа бөлінбейді. Алайда, тілге тәуелді. Махаббаттың негізі

– түсіністік. Түсінісудің басты құралы – тіл. Егер кәріс қызы Нәлли қазақ тілін өте жақсы түсінбесе, Мұқағалидың жырлары да жанын тебіртпес еді. Олай болса, ғашық та болмас еді. Жаны нәзік, сезімтал, әсерленгіш, жүрегі пәк, ақылды ару өзін көрмей тұрып ақынның өлеңіне ғашық болады. Өлеңі арқылы ақынға ғашық. Міне тіл құдіреті, міне поэзия күші!

Оқып отырып алпыстағы ата екенімді ұмытып, алты жасар немереме ұқсап көзім боталап, жанарыма жас үйірлі. Жазушы бастан кешкен жан рахатын мен де бірге басымнан өткеріп, бірге тұшынып отырдым. Нәлядай ақынжанды аруға жазушының сезімімен қарап, қоса сүйсініп, қоса егіліп, қоса ғашық болдым. Бұл да – тілдің құдіреті!

\*\*\*

Бексұлтан Нұржекеұлының шығармасынан әлдеқалай бірер жолды оқып қалсам, бас тарта алмай, құмарпоз адамдай қалай әрі қарай ілесіп кеткенімді білмей қалам. Бүгін де сол. «Жау жағадан алғанда» романының «Кітапбек» тарауындағы «Жігіттің қайғысы қайтсе қалады» деп басталатын өлең керек болып, үшінші томды ашыппын да «байланып» қалыппын. Үйдегілердің ертеңгі шәйге шақырғандарын да «естімеппін».

Міне, жазушының айтқыштығы! Міне, сөз кереметі! Әр кітапты әр қайталап ашқан сайын осы...

### ШАБЫТ

Ақын ойланyp отыр. Сырт қараған адамға ол тас мүсіндей қатып қалған. Алайда, миы алас ұруда. Ақынның ми қатпарлары жықпыл-жықпыл тау қыраттарына айналып, қиялында қыран қалықтайды. Сол сансыз қыраттардан қыран көзі алтын қылшығы күнмен шағылысып көз арбаған сөз сұлуы, алтайы қызыл түлкіні шарқ ұрып іздейді. Іздегені көзге шалына қоймаған соң, қыран шырқау биікке шарықтап көтеріліп барады. Көз ұшында қошкыл нүкте болып тоқтап қалғандай. Қыранның қырағы көзінен бұлт еткен бұлдырық, жылт еткен жыланға дейін шет қалып көрген емес. Бірақ, іздегені әлі көзге шалынар емес...

Ақын әлі ой үстінде. Сол тас мүсін қалпында. Қос қарашық әлдеқайда қадалған күйі, сол қадалған нүктесін ойып түсердей ұшқындап тұр. Тас мүсін әнтек қозғалғандай болды... Жоқ, өзі емес, оның оң қолы екен. Алдында жатқан алтын түстес сарғыш қаламды түлкіге түскен мұзбалақтай шеңгелдей берді.

Қиял көгінде қыран көз ұшында әлі қалықтап жүр. Жықпыл-жықпыл тау қыраттарын тікелей қос қарашық сүзіп келеді. Кенет... кенет қайқаң еткен қыран, жүрегін оқ жұлып жансыз қалғандай төмен сорғалады. Жұлдыздай болып ағып келеді. Жоқ, жансыз емес екен, жерге жетер-жетпес шатырдай-шатырдай қос қанаты жарқ етіп жазылып, болат шеңгелдер әлденені бүре берді. Бұрқ

еткен шаңның арасынан бұлаң еткен қызыл түлкі көзге анық шалынды...

Бағанағы тас мүсін сәл өзгеріп, шексіздікке қадалған ойлы жанар енді алдындағы қағазға төнген. Алтын түстес сарғыш қалам су төгілмес жорғадай қағаз бетімен тоқтаусыз жорғалайды...

Ақынның алаулаған бетінде түлкі қағып қайтқан аңшының шаттығындай қуаныш лебі білінеді.

\*\*\*

Адам өмір бойы үйренеді деген рас қой. Кейде қарапайым нәрседен өзіне тәлім аласың. Ондай жағдайлар өмірде жиі кездеседі. Көбін көкейге түйе бермей,



артынша ұмыт қалдырып жатамыз. Соның есімде қалған біреуі мынау еді. Ақын деген сұлулыққа сүйсініп, әдеміге сүйкініп жүретін «жынымыз» бар халық емеспіз бе. Бір сапарда бір сүйкімді келіншектің қылығына арбалып, сөздеріне еріп кетердей болып таңданып отырып, күлген кезде тістеріне көзім түскені. Олар қаздай тізіліп тұрғанымен сарғыштау екен. Күрек тістерінің арасынан ас қалдықтары байқалады. Бағанадан аузына кіріп кетердей болып отырған көңілім, әлгі көріністен кәдімгідей жиреніп, суып-ақ қалғаны...

Содан кейін әрбір астан кейін өзім де аузымды шайып жүретін болдым.

\*\*\*

Қолына қалам ұстаған адамдардың ортақ бір ғана мақсат-мұраты болса керек. Ол – со жазғандарымен оқырманға ой салу. Бүкіл көркем шығармалардың, ол қай тақырыпта болсын, өзегіндегі желісі осы болса керек? Жалпы, адамның жаратылысының өзі осыған негізделген тәрізді. Өзіңіз ойлаңызшы, бірі ақылды, бірі керісінше алаңғасар, ақымақ. Аылдың ісі ақымаққа, ал, ақымақтың ісі ақылдыға ой салады. Бірі жақсылыққа құмар, бірі жамандыққа, бірі қайратты, күшті, екіншісі иіс алмас жуас. Осылардан өзі бір-біріне ой салады, бірінен бірі үйренеді емес пе? Олай болса өмір сүру дегеніміз үйрену-үйрету, күресу, жығылу-жығу, алу мен беру екенін бізден бұрынғылар дұрыс айтқан екен де. Ендеше сіз екеуіміздің әңгімемізден

де біреу бірдене ұқса, бірдене алса күндеріміздің текке өтпегені де.

Ал, енді сізге бір пәлсапа айтайын. Адам жаратылысы мені ғажап таңқалдырады. Адамның бір ғана миының өзі құдірет қой! Құдай-ау, ол не ойламайды дейсіз! Бастың кішкентай ғана қауашағында тұрған сол қоймалжың зат – ми, бікіл әлемді алған демің сыртқа шыққанша-ақ адамның көз алдына елестетіп бере алады емес пе. Мидың ойлағанын оның иесі адам бір пайызын ғана іске асырса өмір не жұмаққа, не тозаққа айналар еді деп ойлаймын. Менен сұраса, адамның денесіндегі құдайы – оның миы дер едім.

Ал, адамның тәні ше, тамырын қуалап аққан қаны, түйсігі, түсінігі, сезім-толғанысы, қуаныш-шаттығы, қорқыныш-үрейі бәр-бәрі қалай іске асады, оны қайдан алған?! О, адам тәнінен сұлу, одан ғажап не бар! Адам тәніне сұлу бірдене бар деп айтқанға мен ешқашан сенбес едім. Оның сұлулығын беруге, дәл айна-қатесіз беруге ешқандай өнердің де күші жетпейді. Микеланджелонның ғажайып тас мүсіндері де, Рафаел сантидың мадонналары да, шығыс-батыс, көне-жаңа суретшілердің көз тартатын тыр-жалаңаш картиналары да, шайырлардың құлақ құрышын қандаратын, оқығанды есінен тартыратын ғазалдары да ол сұлулықты дәлме-дәл, адам тәнінің жылылығындай жып-жылы етіп бере алған жоқ, әлі де бере алмайды. Оның себебі, өнер иелерінің өзі сол адамдар ғой, ал, ол сұлулықты көру үшін сырттан, адам көзімен емес, басқа бір сана иесінің көзімен қарау керек сияқты

Осы құдірет, осы ғаламат сұлу тән, жүрек соғуын тоқтатып, ми ойлауын қойған соң, яғни, адам өлген соң не болады. Сұмдық! Ойлаудың өзі жиікеренішті. Дінтанушылардың «адам рухы мәңгілік, ол мәңгі өлмейді, бұл дүниеден о дүниеге ауысады. Өлім деген жанның басқа түрге енуі, басқа әлемге өтуі» дегеніне қуана сенгің келеді. Осыншама ғажайып жаратылыс – Адамды, оның осыншама сұлу тәнін өлген соң бір жола, мәңгі жоғалады, құрт-құмырсқаға жем болып іріп-шіриді деуге біртүрлі қимайсың. Ақырзаманда Алла адамды осы қалпында

қайта тірілтеді дегенді рас болса екен деп тілегендейсің. Шынында да, осыншама таңқаларлық ғажап жаратылыс өлген соң бір жола жоқ болады дегенге амалсыз сенемін, соншалық қимас сезіммен сенемін. Сенемін де, япыр-ай, осынша Ұлы жаратылыс, ақыл-ой ұясы неге солай жаралды екен деп қинала ойлаймын...

Ия, бұл ми жарықтық тірлігінде нені ойламайды дейсіз! «Адам соңында қалған ұрпағымен, ісімен, сөзімен, өнерімен өлмейді» деген сөздерді мен де жақсы білемін. Дегенмен өмірге келіп-кеткен бір адам, ол қайталанбас жаратылыс қой. Ешқашан қайталанбас...

Пәлсапаны қоя тұрып өмірге қайта оралайық. Әйелім ауруханада жатыр. Кеше барып едік аздап жақсы екен, ертең жіберсе, үйге шығам деп қояды. Кім білсін. Мен балалармен үйдемін. «Ардақ» деген өнер адамдарының өмірі жайлы жазылған кітапты оқып шықтым. Көп әсер алдым. Оның алдында Шәкәрімнің жинағын оқып шыққам. Сіз де оқыған боларсыз. Керемет қой, бастан-аяқ үлгі өнеге, өсиет емес пе. Екінші Абай ғой, қайран Шәкәрім! Өткенде «Арай» журналының алтыншы-жетінші сандарында «Көкек өз атын шақырады» деген мақала шыққан. Әлгіні оқып япыр-ай, ақынның жауы не деген күшті, өміршен еді деп ойлады. Әлде, мықты адамның жауы да жықты бола ма? Атадан балаға кеткен «ата жауымсың» дейтін нағыз жаулық қой бұл. Қарасартовтың ұрпақтары бүгін ақынның өлеңдерімен күресуде. Мейлі, мың қарасартов мың жерден кедергі болса да, адамзат үшін туған өлең өлер ме! Соны білмейтін неқылған елдермен жау десеніңші...

Бірді айтып-бірге кете беремін, әңгіменің негізгі желісіне көшейін. «Өлең жазбасам, жидіп, борси бастаймын» депті ғой бір ақын. Сол сияқты мен де өзіңмен әңгімелесіп, өзегімдегі ойларымды бөліспесем, апамның шәйдан басы ауыратыны сияқты, мазам кете бастады.

\*\*\*

Ленин «көсем» кезінде «Барлық елдердің пролетарлары бірігіңдер!» деген ұран тастағанын білеміз. Бүгінгі Қазақстандағы қазақтарға мен «Барлық қазақ рулары бірігіңдер!» деп ұран тастаған болар едім. Өйткені, қазақ құрылымы үшін, рудың рөлі үлкен. Оны алып тастауға да, аса марапаттап бетке ұстауға да болмайды. Рулық сезім, намысты қазақ үшін ұстараның жүзі тәрізді. «Ұстараның жүзі өтпесе – намыс мұқалады, бостау ұстасаң – кесіп түседі.

Бұрынғы ел басқарған көсем бабаларымыз ру мәселесін ақылмен, сабырмен шешіп отырған. Ру – қазаққа бөліну үшін емес, бірігу үшін қажетті, аса құнды тенденция. Қан тазалығын сақтыудың басты құралы. Қазақ өз руынан қыз алмаған. Қазақ елі рудан құралады. Қаны таза қазақтың денсаулығы жақсы, өжет, намысты, бауырмал болған.

Қазақ елінің жаулары руларды бір-біріне айдап салып, арандату арқылы, ішіне іріткі салу арқылы әлсіреткен. «Қазақ сексеуіл ағашы тәрізді, балтамен шапсаң да берілмейді, ал, бір-біріне ұрсаң оңай сынады» деген қағиданы ұстанған. Осыны түсінген адам ру үшін емес, ұлыс үшін, оның бірлігін сақтау үшін күрескен. Билер мен көсемдер «бөлінгенді – бөрі жейді» деп өмірлік мысал келтірген. Қазақтың басы біріксе, оны ешқандай жау ала алмайтынын тарих сан дәлелдеді. Осы жақында бір тойдағы асаба сөйлеушінің ру жөніндегі пікіріне келіспей: «Біз рудың емес, адамзаттың баласымыз» дегенде, «Әй қарағым, ол үшін алдымен ата-анаңның, сосын туған еліңнің, содан кейін адамзаттың баласы болуың керек емес пе? Бірден бәрінен бір-ақ аттаймын деп шатың айырылмасын» деп еді бір ақсақал. Сол айтқандай, қайдан шыққанымызды әрқашан есімізде ұстайық бауырым!

**Исламғали ҮРКІМБАЙҰЛЫ,**  
ақын, Қазақстан Жазушылар  
Одағының мүшесі.



# Жаркенттіктер ...деген екен

## «ҮШ НОЯННЫҢ» БІР ХИКАЯСЫ

Есімі күллі Жетісуға мәлім, өзі туып-өскен Панфилов ауданының тұңғыш әкімі болған Әділшайық Ыбыраймолдаевтың, осы ауданда бірқатар шаруашылықтардың басшысы болған Оғуз Ниязов пен Шернияз Нұғыманов үшеуінің достығы бүкіл елге белгілі. Оларды жалпы жұртшылық «Үш ноян» деп атайды. Десе дегендей-ақ. Білімі мен білігі, парасаты мен пайымы, іскерлігі мен ұйымдастырушылығы үйлескен, бір-бірімен әзіл-қалжыны да жарасқан олар мұндай ілтипатқа әбден лайық.

Одақ кезі. Дінмұхамед Қонаев ағамыздың өзі сол кездегі Талдықорған облысының орталығына келіп, үлкен жиналыс өткізетін болады. Оған аудан-ауданнан шақырылған басшылармен бірге Жаркенттен Әдекең, Оқаң және Шәкең үшеуі де барып, қонақұйдің бір бөлмесіне орналасады. Киімдерін реттеп жағып қараса, Оғуз ака галстугін ұмытып кетіпті. Ондайды қағыс қалдыратын Әдекең бе? «Ей, Оғуз, ертең залда 700 адам отырады. Оның 699-ы қазақ пен орыс. Бәрінің мойнында – галстук. Ал жалғыз ұйғыр сенің жағаң ашық-шашық, мойның сорайып қайтып отырарсың?» - деп тиіседі.

Ертесі жуынып-шайынып болғасын, киініп жағып қараса, өзінің галстугі жоқ. Бәленің қайдан келгенін бірден біле қояды да, жүгіре басып төмен түседі. Сөйтсе... Оқаң ақ жейде, қара сым-костюмді сықата киген. Мойнында - гүлді галстук. Шынтағын столға қойып, күректей алақанымен иегін сүйеп, қонақұйдің сұлу кезекші келіншегімен әмпей-жәмпей сөйлесіп тұр дейді.

- Ей, оңбаған! Басқа біреудің галстугін тағып, басқа біреудің қатынымен сөйлесіп тұрғаның қалай?... -деп Әдекең дереу қастарына жетіп барыпты.

...Сонымен жоғары деңгейдегі жиналыс жүріп жатады. Димаш ағамыз бір кезде таяуда ғана жанадан сайланған Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің төрағасын таныстыра келіп:

-Нұрсұлтан Назарбаев, -деп аты-жөнін атайды. Оны шала естіп қалған Оғуз ака қасында отырған Әдекеңді түртіп:

-Кім? Байназаров дей ме?-дейді. Бұл кісі оны тізесінен басып «тыныш» деген ишара жасайды.

Сәл тынышталған Оқаң біраздан соң тағы да орнынан қозғалақтайды. Мінезі-құлқы аңғал адамның қылығы да қопалдау. Өзінше аузын алақанымен көлегейлеп бұның «құлағына сыбырайды». Бірақ, дауысы бәрібір гүр-гүр:

-Біздегі милиция нәшәндік Байназаровтың жақыны емес пе?

Алдындағылар артына бұрылып, қатарындағылар мойнын бұрып, артындағылар өңешін созып ошарыла қарайды бұларға.

-Әй, тыныш отыршы! Ақысына галстугімді берейін,-деген екен сонда Әдекең.



## «АҚШАСЫН БЕРСЕ, БОҚТАЙ БЕРСІН»

Оғуз ака мен Шернияз аға үшеуі бір қол боста карта ойнап отырғанда Әдекең ұтыла бастайды. Кішкене шыдамсызданып, удай тілімен тиісе сөйлейді. Оған Оқаң қарсы шығып: «Сен жұмыс күнінен тыс уақытта аудан әкімі емессің. Үшеуміз де деңгейлес ойыншымыз...» - деп тіл қайтарады. Ал Шәкең үндемейді. Өзіне жақтас іздеген Оқаң енді оған қарап: «Өй Шәке, неғып отырсың? Түгінді қоймай сыбады ғой» - десе, ол түк саспастан: «Ой, Оқа, боқтай берсін. Тек, ақшасын төлеп тұрса болды» дейтін көрінеді.

## «ДӘМГЕ» ШАҚЫРУ

Әдекең бір күні ауыл жағалай келіп егіс алқабын аралай кетуді жөн көрген екен. Сөйтсе, егістіктің басындағы ағаш көлеңкесінде бір сәт тынығып отырған сыныптас досына кездесе кетіпті. Білдей бір ауданның әкімі алдына кеп тұрғанда абдырамайтын адам бар ма?! Әйтсе де, әлгі сыр бермей, тіпті қуақыланып:

- Әдеке, кел дастарханға. Қара шай болса да қара шыбыннан тістей отырып қауғаң-қуғаң жасайық, - деп айналалында құжынаған шыбынды нұсқаған екен.

## АТАМЫЗ АВАРИЯДАН ӨЛІП ПЕ ЕДІ?

Атақ-даңқы көпке аян Сәттіжол ауылының азаматтары аты әйгілі батыр бабаларына ескерткіш орнатпақ болып ақылдасып жатады. Бір топ: «Осы ауылымыздың кіре берісіндегі жол жағасына орнатайық» депті. Екінші топ: «Ой, ол кісі тек біздің ғана атамыз емес, күллі Суанның бабасы. Сондықтан аудан орталығына баратын жолдың бойына орналастырған дұрыс» деп таласыпты. Сөйтіп екі жақ дау-дамай жасап, даурығып жатқанда жап-жас бір жігіт қол көтеріп, сөз сұрапты да:

- Ағалар-ау, «Біресе ана көшенің жағасы, біресе ана жолдың бойы» деп қоймадыңыздар ғой. Немене сонда, атамыз автокөлік авариясынан қаза тауып па еді? Одан да ел көп жиналатын, жиын-той өтетін орталық саябаққа орнатқан жөн емес пе?! - деп тоқтау айтқан екен.

## МАС ҚОНАҚ, ЖАЙЛЫ ШАНА, ЖАРЫҚ СВЕТ...

Қыста қашан да Сәттіжол ауылының қары қалың, «Соғым басынан» сыбағасын әбден тоя жеп, «ақана» да сықия тойған бір серігін екі досы екі қолтығынан сүйемелдеп шығарып салып бара жатады. Тура майдан даласынан жараланған жауынгерді алып шыққандай. Жер тайғақ, жүру қиын. Кенет, жандарынан шана сүйреген бір бала басып оза береді. Ана екеуі оған жабыса кетіп, «достарын» шанаға тиейді. Сөйтіп, қиналмай-ақ зыр еткізіп үйіне апарып тастайды.

Екі-үш күннен кейін осы көрініс тағы қайталанады. Бірақ, көшеден әлгіндей шана сүйреген бала кездесе қоймайды. Қос досы қолтығынан тартқылап, зықысы шыққан әлгі масаң жігіт сүйретіліп келе жатып:

- Ей, ақырын... Немене, әлгі зырылдақ шаналарын құрып қалған ба? - деп достарын кінәлайтын көрінеді.

Келесі бір жолы қонақтан екі жігіт қана шығыпты. Әлгі арақ көтере алмайтын азамат жанындағы жалғыз серігіне ауыртпалығын әбден салса керек. Сүйрелеп жүріп төбесінде электр жарығы жанып тұрған бағананың түбіне әрең жеткізеді. Сонан соң сол жерге оны жантайтып жатқыза салыпты да, өзі тәлтіректен тұрып:

- Ей, ұйықтарда светті өшіріп жат, - депті де, жөніне кете барыпты.

## ӘКЕ МЕН БАЛАНЫҢ ӘЗІЛІ

Әдекеңнің – Әділшайық ағамыздың үлкен ұлы Талғат әкесі тәрзді - «сегіз қырлы, бір сырлы». Іскер. Өнерпаз. Асқақтатып ән де айтады. Күмбірлетіп күй де шертеді. Әзіл-қалжыңға да бейім.

Аудан әкімі болып тұрған кезінде әкесі бірде оған: «Қамаз» ал да, ертең сағат сегізде Сарыөзекте бол!» дейді. Бұйрық қатты, жан тәтті. Сәл кешіксең бәлеге қаласың, мінезі шатақ. Бұл сегіз болмай жетеді. Бес минут қалғанда әкесі де келеді. Бірақ, қосақталып бір мекемеге кіре бергенде электр шамы «лып» етіп өшеді де қалады. Таңғы уақ. Дәліз қараңғы. Әкелі-балалы екеуінің де «цветі» түстес. Алақөлеңкеде тек аласы аумақты көздері ғана болмашы

жарықпен шағылысып, жалт-жұлт етеді. «Әзілді жарасса атамен ойна» деген есіне түсе кеткен Талғат жүгермек:

- Әке... әке, қайдасыз?-дейді дейді көрмеген болып. Әзілдеудің «әкесін танытатын» Әдекең сәл кідіріп барып:

- Өй, атаңның аузы... өзіңнің де көрініп тұрғаның шамалы, - деп мырса ете түскен екен.

## «У ПИЯЗДЫҢ» УӘЖІ

Есімі елге танымал басшы, кезінде аудандағы бірқатар шаруашылықтарды басқарған, партия, Кеңес органдарында басшылық қызметте болған, бүгінде аудандағы мемлекеттік сорт сынау учаскесінің бастығы Шернияз Нұғымановты қатарластары қалжындап «У пияз» деп те атайды. Десе дегендей. Шәкеңнің шырып айтқан шақпа сөздері шиканыңды сығып шығарғандай шықпыртады. Бірде аудан басшысы колхоз-совхоздар бастықтарының екі аяғын бір егікке тығып, тықсырып жатады:

- Қандай жағдайда болмасын, мемлекетке жүн өткізесіңдер. Және ол сапалы әрі жоспардағыдай болу керек.

Шаруашылық басшыларында үн жоқ. Қайтсын, байғұстар? «Бартер» деген бәле шығып, қырқылған қылшықты да, тіпті әлі қойдың үстінде тұрған жабағыны да күнкөріс қамымен айырбастап, өткізіп «тұқымын тұздай құртқан». Жас бастықтар «Сіз бірдене десеңізші» дегендей араларындағы ақсақалы Шәкеңе жауандай қарайды. Осыны сезген ол әдетінше екі-үш рет жөтіркеліп алып:

- Әдеке-ау, түсініңізші, жүн жоқ! Ақиқатын айтсақ, қазір қолтықтан басқа жерде түк қалмады,- депті пұшайман болып.

*Әңгімелерді әдеби өңдеп құрастырған Нұрәділ БЕГІМБЕТ*

## ЖАЗЫЛЫМ – 2021

Құрметті «Жаркент айнасы» газетінің оқырмандары! Алдағы алты айға газетке жазылу маусымы басталды. Газетімізге жазылып, ерлікке толы еліміз бен жазиралы жеріміздің, өңірімізден өткен баһадүр батырлар мен от ауызды билердің, орақ тілді ақындардың, елге билік жүргізген болыстардың, өмірі өнегеге толы өнер адамдары мен өлкемізден шыққан даңқты тұлғалардың тарихынан хабардар болыңыз. Газетімізде Сіз үшін құнды, тың мақалалар жариялауға тырысып келеміз.

Жазылу «Қазпоштаның» барлық бөлімшесінде жүргізіледі. 6 айға жазылу бағасы 1420 теңге. Индексі – 65161.

Біз сізден қолдау күтеміз, ойлы оқырман! Ұрпағымыз өзінің шынайы тарихын біліп, ұлықты болып өссін.



«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ  
Меншік иесі: «БАҚ» ЖК  
Директор – Дархан БЕЙСЕНБЕК  
Бас редактор – Молот СОЛТАНАЕВ  
Бас редактордың орынбасары –  
Қали ИБРАЙІМЖАНОВ  
Дизайнер – Әділет МҰСАХАЕВ

Газеттің эл.почтасы:  
jar-aina@mail.ru

➤ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.  
➤ Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
➤ Газет индексі - 65161  
Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.  
➤ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.  
➤ Газет Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кентіндегі «Принт плюс» баспаханасында басылды. Офсеттік басылым.  
➤ Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:  
Алматы облысы,  
Жаркент қаласы,  
Е.Сыпатаев көшесі,  
242 үй, 14 пәтер  
Тел.: 8/705/412-78-48;  
8/705/277-16-91;  
8/777/971-57-67  
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.  
Тапсырыс: №5036

